

БАЛА МЕН ҚҰС

(Орысшадан)

– Жыршы құс, тілімді алып, келші мұнда,
Жасыл шөп, жасыл ағаш қалсын онда.
Қапаста жаның тыныш отырасың,
Жазы-қыс жейтін ұрық бәрі қолда.

Мен сені жан досымдай қадірлеймін,
Ерінбей, тамағынды әзірлеймін.
Мөп-мөлдір саф күмістей, тәп-тәтті су
Күнде ерте, жалғаны жоқ: «Әзір!» – деймін.

Ас-суын керегінше даяр қылам,
Кем-кетік жерің болса, даяр тұрам.
Жаз жетсе – қорқынышсыз, қыс уайымсыз,
Далада мың қорқыныш, суық боран.

Аңшы да мылтығымен ата алмайды,
Қаршиға жақындауға бата алмайды.
Күн ұзын жырын жырлап отырасың,
Басқа жан мұндай рақат таба алмайды.

– Жок, мырза, бұл мақтаған қапасыңа,
Кірмейтін боран, сұық лапасыңа
Бермеймін қалың ағаш, өзен-суды,
Келсе де мың бір пәле бұл басыма!

Жайнаған түрлі гүлмен кең даламды,
Қай жаққа ұшсам-қонсам ен даламды,
Балақай, асу-суыңмен сыйланам деп,
Жанымнан, өз еркіннен құр қалам-ды.

– Кең дала, қалың ағаш, ақкан бұлақ,
Сүйкімді маған дағы жасыл құрак.
Құсеке, соны ойлашы, сұық болса,
Қыласың ұсіместей қайда тұрақ?

– Кетемін онда ұшып жылы жаққа,
Қысы-жаз қар жаумайтын біздің баққа.
Қар кетіп, сіздің жақта жылы болса,
Қайтадан ұшып келем ескі таққа.

– Адассаң жазатайым жолдан шығып,
Құр тоңып өлмейсің бе боран соғып?
– Шырағым, оның үшін қорқа қойма,
Жасаған жол көрсетер қайырым қылып.